

Серіков Кенесары Мұратұлы

Фин-17-5 оқу тобының студенті

Смайлов Мурат Омирзакович

«Қаржы» кафедрасының оқытушысы

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қаласы

ЖЕРІГІЛІКТІ БЮДЖЕТТЕРДІ ДАМУДАҒЫ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕ ЖӘНЕ БЮДЖЕТ ТЕТІКТЕРІН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Бюджетті мемлекеттік реттеудің бір тәсілі ретінде мемлекеттік салықтарды белгілі бір пропорцияда бюджет жүйесінің қалған деңгейлері арасында бөлуді қарастырамыз. Келесі тәсілде жоғары тұрған бюджеттен төменгі бюджетке трансферт, субвенция түрінде қаржы беру қарастырылады. Мұндай тәсіл қосымша ретінде әлемнің барлық елдерінде кең тараған. Бюджетаралық қатынастар мәселелерінің бірі — бюджет жүйесі деңгейлерінің теңестірілмегендігі. Жалпы бюджет жүйесі унитарлы мемлекеттерде екі звеноға бөлінетіні (мемлекеттік бюджет және жерігілікті бюджеттер) белгілі, сол себепті, мемлекеттік басқару органдары көпдеңгейлілігіне қарамастан, функциялардың орындалуын бақылау үкіметпен жүзеге асады.

Немістің ғылыми және саяси лексиконында «қаржылық конституция» түсінігі кеңінен қолданылады. Ел конституциясының ең ірі тарауы болып табылатын бұл бөлімнің негізгі идеясы орталық пен жерлер арасында қаржылық өкілеттілікті нақты ажырату. Қаржылық конституция аймақ саясатының маңызды міндеті.

Аймақ экономикасының дағдарыстан шығуы үшін ұзақ, орта, қысқамерзімді міндеттерді байланыстыратын аймақтық экономикалық саясаттың жасақталуы аса қажет. Қаржылық ресурстарды қайта бөлу бюджет жүйесі арқылы жүргенімен, оның көптеген каналдары бар. Өкілеттіктерді және табыстарды федералды орталық пен жерлер, қауымдар арасында ажырату жекелеген аймақтардың қаржылық қамтамасыз етілулеріне әсер етеді.

Дегенмен, ол жерлерді тігінен және көлденеңінен қаржылық теңестіру нәтижесінде өзгерістерге ұшырайды.

Қаржыларды тігінен бөлудің екі жақты сипаты бар: субъектілер арасында салықтарды ажырату және федералды орталықтан аймақтарға субсидия және басқа да қаржылық көмектер беру. Сонымен бірге, жасырын қаржылық көмек көрсету де бар, ол федералды бюджет есебінен де және басқа да орталық бюджеттердің қаржыларымен, әсіресе, әлеуметтік сақтандыру бюджеті арқылы жүзеге асырылады. Көлденеңінен қайта бөлуді екінші ретінде қарастыруға болады, онда қаржылық жағдайы нашар жерлерге қаржылық жағдайы жеткілікті жерлерден бюджеттік алу арқылы теңестіріледі. Көлденеңінен теңестіру формасына айналысқа салынатын салықты (біздің елімізде қосымша құн салығы) қайта бөлуде жатады.

Осы қаржылық көмектерді алатын жерігілікті бюджеттер сайланған басқару органдары аумақтық – әкімшілік бірліктерде, яғни жерігілікті бюджет Ұлыбританияда округтарда, графстваларда, қалаларда; Германияда қауымдар мен қалаларда; Францияныңларда департаменттер мен коммуналарда; Жапонияда префектураларда, аудандарда, қалаларда; Италияда, Бельгияда провинцияда, коммуналарда; Данияда, Норвегияда, Швецияда ауылдық және қалалық коммуналарда жүзеге асады. Жерігілікті бюджеттер экономикаға әсер етуге, шаруашылық процестерді реттеуге, мәдениет пен білім беруді дамытуға, әлеуметтік жанжалдарды шешуге, жерігілікті халықты еңбекпен қамтуға және басқа да шараларға кеңінен қолданылады.

Аталған мемлекеттердегі жерігілікті бюджеттер негізгі төрт құраушы бөліктен тұрады: салықтар, салықтық емес кірістер, орталық бюджеттен бөлінетін субсидия мен дотациялар және заимдар. Мәселен, аталмыш елдердің жерігілікті бюджеттерінің құрылысы мынадай сипатта болған:

Бұл мемлекеттерде жерігілікті билік органдарына бөлінетін мемлекеттік трансферттер негізгі 3 нысанда жүзеге асады:

–салық түсімдерін қайта бөлу арқылы (Германиядағы «салықтық теңестіру» жүйесі);

–жалпы аталымдағы субсидия-дотация арқылы (Франциянындағы дотация беру жүйесі);

–арнайы, мақсатты қайтарымсыз берілетін ақшалар не субвенциялар (АҚШ-да субсидияның 200, Италияда 100, Ұлыбританияда 50 түрі бар). Мақсатты қайтарымсыз берілетін ақшалар көбінесе Скандинавия елдеріне (Дания, Норвегия) тән. Бұл елдерде қайтарымсыз берілетін ақшалар білім беру және денсаулық сақтау бағдарламаларын жүзеге асыруға арналса, АҚШ-та, Италияда, Германияда және Жапонияда полицияны қаржыландыруға, түзеу мекемелеріне және экономикалық, әлеуметтік инфрақұрылымдарға бағытталады (Кесте 1).

Кесте 1

Шетелдік жерігілікті бюджет ресурстарының құрылымы, (пайызбен)

Елдер	Жерігілікті салықтар	Мемлекеттік қайтарымсыз берілетін ақшалар	Басқа да табыс көздері
1	2	3	4
АҚШ	65	23	12
Жапония	41,6	40	27,4
Францияның	41,7	33,8	24,5
ГФР	21	45,3	33,7
Бельгия	36	54	10
Дания	46	44	10
Ескертпе: [31] әдебиет негізінде құрастырылған			

Экономикасы алдыңғы қатарлы дамыған елдерде көлденеңінен теңсіздік әділеттілік қағидасымен бағаланады. Теңестіру – жалпыұлттық мүдде және мемлекет бірлігін нығайтуға мүмкіндік береді. Көлденеңінен теңсіздікті жоюдың басты құралы арнайы теңестіру қорлары екенін білеміз. Көптеген елдердің тәжірибесінде теңестіруші қорлар қолданылады. Әдетте олар орталық бюджетке қосылады, ал кейбір елдерде, мәселен, Данияда аумақтық билікпен де жеке құрылады. Аймақтардың қаржылық мүмкіндіктерін теңестіру үшін мемлекет жалпы трансферт жүйесін қолданады. Әлеуметтік-экономикалық бағдарламаларды (білім беру, денсаулық сақтау, шаруашылық және көлік инфрақұрылымы, қоршаған ортаны қорғау) жүзеге асыру үшін мақсатты трансферттер жүйесі қолданылады. Мақсатты трансферт алдын-ала келісілген

шартпен қаржыландырылады. Францияның Қазақстан сияқты унитарлы мемлекет болғандықтан бюджет жүйесі екі бөліктен құралған: мемлекеттік және жерігілікті. Мемлекетті бюджет жүйесінің бірлігі жоқ. Барлық бюджеттер тек қағаз жүзінде көрсетілген. Францияда, біздің елдегідей, әрбір әкімшілік бірлік өз бюджетін жергілікті атқарушы органдар арқылы бекітеді.

Францияда бюджетті құру, бекіту, орындау және есеп беру үш жылға созылды.

Франциядағы бюджет процесінің бірінші кезеңі-бюджет жобасын дайындау - бас қаржы органы-экономика және қаржы министрлігі бақылайды. Бюджетті дайындау мақсатты бағдарламаны пайдалану әдісімен жүзеге асырылады. Содан кейін олар тоғыз ай береді және әр министрлік өз бюджетін жасай бастайды. Содан кейін барлық сметалар шоғырландырылып, алдымен Үкімет отырысында қаралып, бекітілетін, содан кейін Парламенттің қарауына жіберілетін бюджет жобасы әзірленетін болады.

Екінші кезең-кем дегенде үш айға есептелген бюджетті қабылдау. Бюджет жобасын Парламенттің әрбір палатасының комиссиялары қарайды. Алдымен оны төменгі палата қарайды, содан кейін жоғарғы палатаға - Сенатқа жіберіледі. Егер оны Парламент қабылдаса, президент өзінің Жарлығымен бюджетті заң ретінде қабылдауға құқылы.

Үшінші кезең-бюджеттің атқарылуы. Қазынашылық арқылы Франция банктерінде жүзеге асырылатын есеп айырысу және кассалық бюджеттік операциялар болып табылатын кассалық орындау. Осылайша, апта сайынғы және ай сайынғы есептер мен сараптамалық құжаттар алынады.

Соңғы төртінші кезең-бюджеттің атқарылуы туралы есеп. Оны қаржы және экономика министрлігі дайындады.

Елдегі бюджеттің орындалуын бақылау үшке бөлінеді: әкімшілік-сот, парламенттік.

Әкімшілік бақылау иерархиялық жүйеде жүзеге асырылады, онда аға бухгалтерлер бағыныштыларды тексереді және олар бас қазынашыға бағынады. Францияда қаржы инспекторларының Бас инспекциясы бар, ол өз кезегінде

министрлер кабинетімен, мысалы, қаржы аудиторлары корпорациясымен тығыз байланысты. Сот ісін жүргізуді Есеп палатасы жүзеге асырады. Олар кез-келген ұйымның қаржылық есебін тексереді. Бас бухгалтердің қателіктері басын кінәлайды. Парламенттік бақылау бюджетті қабылдау және қарау кезінде жүзеге асырылады.

Бүгінгі таңда бюджет жүйесіндегі бюджетаралық қатынастардың реттелмеу проблемасы өткір тұр. Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 24 қазандағы Жарлығымен ажыратылған мемлекеттік билік деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату және бюджетаралық қатынастарды жетілдіру жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылды. Біз комиссияның мақсаты - мемлекеттік функцияларды билік деңгейлері арасында тиімді бөлу жөнінде ұсыныстар әзірлеу, сондай-ақ бюджетаралық қатынастарды жақсарту екенін білеміз. Комиссия жұмысы шеңберінде Премьер-Министрдің 2002 жылғы 5 ақпандағы №4 Қаулысымен үкімет деңгейлері арасында өкілеттіктерді бөлу және бюджетаралық қатынастарды жақсарту тұжырымдамасының жобасын әзірлеу үшін жұмыс тобы құрылды.